


**Автор:** Мукашева Бизада Жаксылыковна  
**Пән:** Қазақ әдебиеті  
**Сынып:** 7-сынып  
**Бөлім:** Балалар мен үлкендер  
**Тақырып:** Мұхтар Әуезовтің "Көксерек"әңгімесі

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.1.1.1.Әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін талдай отырып, кейіпкерлерге мінездеме беру.
Сабақтың мақсаты:	<i>Барлық оқушылар орындай алады:</i> әңгімені түсінеді,сюжеттік желісі бойынша баяндайды, бейтаныс сөздердің мағынасын ажыратады. <i>Оқушылардың көпшілігі орындай алады:</i> композициялық құрылымына талдау жасайды, мазмұндайды, талдайды. <i>Кейбір оқушылар орындай алады:</i> әдеби шығармасюжетінің құрамдас бөлшектерін салыстырып, дәлелдейді.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: итмұрын, шірет,қаншық, пішен, шылапшын, тұрқы, шағырмақ, жүзіқара, сам,итаяқ,көкжал.
Күтілетін нәтиже:	Әр оқушының өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып,оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуіне жағдай жасау
Бағалау критерийлері:	<ul style="list-style-type: none"> <li>•әңгімені мазмұндап,сөздердің мағынасын ажыратады;</li> <li>•композициялық құрылымына талдау жасай алады;</li> <li>•әңгіменің сюжетіне байланысты берілген сұрақтарға топта графикалық органайзерлер дайындайды;</li> <li>•көркем шығарма сюжетінің құрамдас бөліктерін салыстырып дәлелдейді.</li> </ul>
Құндылықтарды дарыту:	"Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясының алтыншы тармағы- "Тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы" шығарманы оқыту барысында ішінара жүзеге асады.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Оқыту мен оқудағы жаңа әдіс-тәсілдер, оқытуда АКТ-ны пай-далану, сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау.
Пәнаралық байланыс:	Тарих, этнография.
Бастапқы білім:	М. Әуезов шығармашылығы

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 мин)	Үй тапсырмасын сұрау. «Иә – жоқ» әдісі бойынша өткен тақырыпқа байланысты сұрақтарға тек «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Қызығушылықты ояту.«Лента» әдісі бойынша топқа бөлінеді.Оқушыларға қасқырларға байланысты мақал– мәтелдер беріледі.	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (25 мин)	Мағынаны тану 1-тапсырма «Стоп кадр» тәсілі. Аудионұсқаны тыңдау арқылы әрі қарай қалай болатынын өз ойларымен өрбітеді. Бағалау критерийі: •Оқулықтан оқығандары бойынша өз бетімен сипаттайды. 3 - тапсырма (6 мин) «Кластер» әдісі арқылы шығармадағы кейіпкерлерге мінездеме беру. □ Құрмаш □ Әжесі □ Ауыл адамдары	<a href="https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adeb-synyp/lesson/muxtar-aezov-kokserek-ang">https://bilimland.kz/kk/courses/qazaq-adeb-synyp/lesson/muxtar-aezov-kokserek-ang</a>
Сабақтың соңы (5 мин)	"Өрмекші торы" әдісі арқылы сабақты бекітеді. (5 мин) Оқушылар жіпті бір-біріне лақтыру арқылы сұрақ қояды, өрмекшінің торын жасайды.	Жіп
Рефлексия (3 мин)	«Екі жұлдыз, бір тілек» арқылы рефлексия жасайды.Сабақтан алған әсерлерін стикерлерге жазады.	Стикерлер